

**ЖШС «Нұрлан-К.А» «Күншуақ» балабақшасының
№ 2 педагогикалық кеңес хаттамасы**

Қыркүйек, 2025 жыл

Өтетін орны: Күншуақ балабақшасы

Қатысқандар: -5 адам Меңгеруші, Н.Ж.Шильманова әдіскер Ж.А.Курмангалиева педагог-психолог Р.А.Әскербекова тәрбиешілер Ф.И.Конирбаева, М.Е.Нұржанова барлығы адам

Кеңес төрағасы: Шильманова

Хатшы: М.Е.Нұржанова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері».
2. «Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау».
3. «Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы».

1-мәселе:

«Экологиялық мәдениетті қалыптастырудың заманауи тәсілдері»

Баяндамашы: Проблемалық топ жетекшілері Ф.И.Конирбаева

Тыңдалды:

- Экологиялық тәрбиенің маңыздылығы, балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру жолдары айтылды.
- Балабақшада экологиялық бұрыш, табиғат мүйісі, маусымдық бақылау күнделіктерін жүргізудің тиімділігі түсіндірілді.
- Әдіскер экологиялық мәдениетті қалыптастыруда ойын, тәжірибе, серуен, жобалық әдістердің орны ерекше екенін атап өтті.

Ұсыныстар:

- Әр топта экологиялық көрнекіліктер жасалсын;
- «Жас табиғат жанашыры» атты жобалық жұмыстар қолға алынсын;
- Балалармен «Эко-апта», «Таза аула» сияқты іс-шаралар өткізілсін.

2-мәселе:

«Балалардың бейімделу кезеңіндегі психологиялық қолдау»

Баяндамашы: Педагог-психолог Р.А.Әскербекова

Тыңдалды:

- Жаңа келген балалардың бейімделу қиындықтары талқыланды;
- Балабақшаға алғаш келген балаларға ата-анамен бірлескен қолдау жұмыстарының маңызы көрсетілді;
- Балалардың эмоционалды жай-күйін тұрақтандыруға арналған ойындар мен жаттығулар ұсынылды.

Ұсыныстар:

- Психолог бейімделу картасын жүргізсін;
- Тәрбиешілер балалардың көңіл-күйін бақылап, ата-аналарға күнделікті мәлімет беріп отырсын;
- Жаңа балаларға «досыңмен таныс» және топтық ойындар жиі өткізілсін.

3-мәселе:

«Ойын арқылы оқыту – шығармашылық қабілеттерді дамыту құралы»

Баяндамашы: Тәжірибелі педагог Фариза Ибрахимқызы

Тыңдалды:

- Балаларға білім беруде ойынның рөлі ерекше екені аталды;
- Шығармашылық қабілетті дамыту үшін ойын-тренингтер, дамытушы ойындар тиімді екендігі айтылды;
- Педагогтар өз тәжірибесінен мысалдар келтірді.

Ұсыныстар:

- Әр топта аптасына кемінде бір шығармашылық ойын сабағы жоспарлансын;
- «Ойын арқылы үйренеміз» әдістемелік жинағы жасалсын;
- Тәрбиешілер тәжірибе алмасу мақсатында ашық сабақ өткізсін.

ШЕШІМДЕР:

1. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған айлық іс-шаралар жоспары жасалсын.
2. Балалардың бейімделу кезеңінде психологиялық қолдау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Ойын арқылы оқытуды шығармашылық қабілеттерді дамытуда негізгі әдіс ретінде пайдалану жалғастырылсын.

Төраға:
Хатшы:



Н.Ж.Шильманова
М.Е.Нуржанова